

**«Қазақстан халқына» қоғамдықкоры мен  
Атырау облысының әкімдігі арасындағы  
Ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Атырау қаласы

«25» шілде 2022 ж.

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – **Қор**) және Атырау облысының әкімдігі (бұдан әрі – **Әкімдік**), бұдан әрі «**Тараптар**» деп аталады, заңдылық, тең күқықтық, еріктілік және жариялыштық қағидаларын **ұстана отырып**,**

Тараптар арасында қайырымдылық көмек көрсету мәселелері және қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастықты, сонымен қатар, әлеуметтік және медициналық мекемелер, этномәдени бірлестіктер, мәдениет және өнер, білім, ғылым, спорт ұйымдары, Қазақстан халқы үшін мәдени-тарихи мәні бар нысандар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға **ниет білдіре отырып**,

алдағы уақыттағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасы халқының мұдделеріне сай келетініне **сенім арта отырып**,

әкімшілік-аумақтық бірліктің аясында қайырымдылық мәдениетін дамытуға, қоғамның, бизнестің және мемлекеттің қайырымдылыққа деген сенімін нығайтуға **ұмтыла отырып**,

Тараптар арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және жетілдіруге **маңызды мән бере отырып**,

Тараптардың атқарымдарын, өкілеттіктерін, құзыреттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын **назарға ала отырып**, мынадай келісімге келді:

### **1-бап**

Тараптар мынадай мақсаттарда ынтымақтастық жасайды:

1) Қазақстан Республикасының халқына білім беру, халықты әлеуметтік қамтамасыздандыру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық көмек көрсету бойынша қарым-қатынастарды нығайту мен қолдау көрсетуді кеңейту, сондай-ақ кәсіпорындармен, ұйымдармен, кәсіпкерлермен, қауымдастықтармен, қорлармен және бірлестіктермен қайырымдылық мәселелері бойынша өзара әрекеттесу;

2) әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде қайырымдылыққа бағытталған ықтимал тәсілдер мен құралдарды белгілеу, қайырымдылық саласында үйлестіруші ретінде және өзгеше қолдау көрсету;

3) қоғамда қайырымдылықтың рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыру, қолдау көрсету және нығайту арқылы қоғамды өздігінен үйымдастыруды дамытуға ықпал ету;

4) азаматтар мен қоғамның материалдық, мәдени қажеттіліктері мен білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру.

### **2-бап**

Осы Меморандумның қағидаларын орындау мақсатында Тараптардың тиісті бөлімшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз өкілеттіктері мен құзыреттерінің аясында тікелей ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

### **3-бап**

1. Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастық етуге ниет білдіреді:

#### **1.1. Әкімдік:**

1) Кордың бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру аясында жанжақты қолдау көрсете бойынша Қормен өзара әрекеттеседі;

2) Кордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын әзірлеген кезде қайырымдылық көмек көрсете мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) әкімшілік-аумактық бірліктің шегінде қайырымдылықты дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар қайырымдылық саласында үйлестіруші ретінде және өзгеше қолдау көрсетеді;

4) Қорға қайырымдылық саласында ұсыныстар енгізу мақсатында әкімшілік-аумактық бірліктің шегінде қорлармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және кәсіпкерлермен, сондай-ақ қауымдастықтармен және бірлестіктермен өзара әрекеттеседі;

5) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар кезінде зардал шеккен халқына көмек көрсете мақсатында ақпаратпен алмасады.

#### **1.2. Кор:**

1) Кордың бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру аясында қайырымдылық көмек көрсете үшін Әкімдікпен өзара әрекеттеседі;

2) Қайырымдылық көмек көрсете мәселелері бойынша және Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын әзірлеген кезде Әкімдіктен келіп түскен ұсыныстарды қарастырады;

3) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар кезінде зардал шеккен халқына көмек көрсете мүмкіндігін қарастырады.

2. Осы Меморандум Тараптарға осы Меморандумның қағидаларын ұстанған кезде ынтымақтастықтың өзге өзара қолайлы бағыттары мен нысандарын белгілеуге және дамытуға кедергі келтірмейді.

### **4-бап**

Осы Меморандумның қағидаларын түсіндірген немесе қолданған кезде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар беру және келіссөздер жүргізу арқылы шешетін болады.

### **5-бап**

1. Осы Меморандумның қағидаларын жүзеге асыру Тараптар қатысушылар болып табылатын басқа Шарттардан туындағының құқықтар мен міндеттемелерге қатысты емес.

2. Осы Меморандумда Тараптардың ешқандай қаржылық және құқықтық міндеттемелері қарастырылмайды және болжанбайды.

### **6-бап**

1. Тараптар осы Меморандумның негізінде тиімділік пен ынтымақтастықты үйлестіру және тиімділігін арттыру үшін өзара әрекеттесудің ағымдағы және келешектегі мәселелерін қарастыру мақсатында өзара уағдаластық бойынша консультациялар беруге, сондай-ақ қажет болса, осы мақсаттар үшін бірлескен жұмыс топтарын құруға ниет білдіреді.

2. Осы Меморандумды дамыту үшін Тараптар мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, қорлар, ұйымдар және өзге занды тұлғалар арасында Ынтымақтастық туралы келісімді дайындауға және жасасуға ниет білдіреді.

### **7-бап**

Тараптардың өзара уағдаластыры бойынша осы Меморандумға осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

### **8-бап**

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп белгіленбесе, онда Тараптар осы Меморандумды орындау мен байланысты барлық шығындарды өзбетінше төлейді.

### **9-бап**

Осы Меморандум Тараптар оған қол қойған күні күшіне енеді және бір Тарап екінші Тараптан осы Меморандумның әрекетін тоқтатуға ниетті екендігі туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) ай өткенге дейін күшін сақтайды.

Атырау қаласында «25» шілде 2022 ж., түп нұсқалы екі данада жасалды, Тараптардың әрқайсысына бір данадан беріледі.

## **ТАРАПТАР:**

<p><b>«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры басқармасы төрағасының орынбасары</b> <b>Л.А.Шынғысбаева</b></p> 	<p><b>Атырау облысы әкімінің орынбасары</b> <b>К.Е.Нұрлышбаев</b></p> 
--	--